

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ:
ЖАҒАНДЫҚ АУҚЫМДАҒЫ ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

III Бөлім

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ГЛОБАЛЬНОГО МАСШТАБА**

Часть III

**DISTANCE LEARNING:
NEW CHALLENGES ON A GLOBAL SCALE**

Part III

Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 378
ББК 74.58
Д 48

Главный редактор: **Сыдыков Е.Б.**

Заместитель главного редактора: **Онгарбаев Е.А.**

Члены редакционной коллегии: **Ильясова А.С. (ответственный редактор), Сеилов Ш.Ж., Козыбаев Д.Х., Нурмодин Е.Е., Бейсенбай А.Б., Бекманова Г.Т., Мукажанова Л.Г., Дюсекеев К.А., Кушенова Г.И., Адамов А.А., Омарбекова А.С., Рахметулина Ж.Б., Алдонгаров А.А., Байхожаева Б.У., Бейсенова Р.Р.**

Д 48 Дистанционное образование: новые вызовы глобального масштаба: сборник статей/главный редактор Сыдыков Е.Б. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 260 с.

ISBN 978–601–337–389–8

В данном сборнике, подготовленном Евразийским национальным университетом имени Л.Н. Гумилёва, представлены материалы международной конференции на казахском, русском и английском языках по вопросам дистанционного образования.

Выступления участников конференции посвящены актуальным проблемам и перспективам актуальных задач в области применения дистанционных технологий и распространение эффективного инновационного опыта на международном уровне.

Сборник рекомендован всем участникам образовательного процесса для обмена педагогическим опытом и дальнейшего повышения квалификации.

ISBN 978–601–337–389–8

УДК 378
ББК 74.58

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 2020
© Институт повышения квалификации и дополнительного образования, 2020

УДК 37.013.42:796

**ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН
5B010800 «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ» МАМАНДЫҒЫ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ ҮДЕРІСІНДЕ
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ САҚТАЛУЫН ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗІ**

Омаров Есен Бекович,
esen.omarov1955@mail.ru,

Молдан Ерғазы,
ergazi_astana@mail.ru

Ясынов Жандос,
Kz-k_06@mail.ru

Дюсенов Саят Муратович
sako_kipchak@mail.ru

Дене шынықтыру және спорт кафедрасының профессоры м.а., п.ғ.к., магистр, аға оқытушылар
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануды 5B010800 «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы студенттерінің педагогикалық практикасы барысындағы техникалық

қауіпсіздіктің сақталуының ережелері бойынша ұсыныстарды, аса сауаттылықпен қолданып және қажеттілік болғанда, олар заман талабынан туындап отырған кейбір, төтенше жағдайларда жарақаттануды ауыздықтап алдын алу мақсатына да жан-жақты дайын, өз істерінің жоғары деңгейіндегі кәсіби маман екендіктерін дәлелдей алатын және сын сағатынан сүрінбей өтетіндіктерін көрсете алулары керек.

Қашықтықтан оқыту технологиялары университет қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады, сондықтан оқу үдерісін ұйымдастыру студенттің білім беру ресурстарына қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін, интернетті пайдалануға негізделген заманауи білім беру технологияларын, білімді тесттік бақылау жүйелерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қашықтықтан білім беру технологиялары оқу үдерісін технологиялық сүйемелдеумен жүзеге асырылады, оқытушылар құрамы қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқытуды жүргіздегі артықшылықтары келесідей болады:

- жоғары кәсіптік білім базасында бакалавриаттың қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша негізгі қызметтен қол үзбей тұрғылықты (уақытша болатын) жері бойынша білім алу мүмкіндігі;

- жеке оқу жоспары бойынша оқып білім мүмкіндігі;

- басқа өңірлерден келген студенттер оқу оқыйтын және тұрғылықты жеріне баруға кететін шығындарын азайту арқылы, өз шығындарын оңтайландыруға мүмкіндік алады.

Дене шынықтыру және спорт мамандығының педагогикалық практикаларының барысында, аталмыш мамандықтың студент-практиканттары техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтаудың міндеттерін меңгерулеріне арнайы бағыттап, ғылыми әдістермен негізделіп және спорттық ғылымның әдіс, тәсілдерімен салыстырулардың негізгі мазмұны, оқу жұмыс бағдарламаларымен іс жүзінде тәжірибелік іске астындығының өзектілігін айқындалды [1].

Демек, айналысушы студенттердің дене тәрбиесі сабақтарындағы техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталу шараларын қамтамасыз ету үдерісін айқындау үшін, қазіргі бүкіл әлемде және біздің елімізде де қалыптасқан жағдайларға байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын педагогтар өздері меңгеріп қолданулары аса қажет болып саналады. Студенттердің дене тәрбиесі сабақтарындағы техникалық қауіпсіздік ережелерінің бағытын анықтау арқылы, спорттық әрекеттер кезінде болатын зақымданулардың, жарақаттанулардың алдын алудағы негізгі шарттарды анықтау деп есептелінді. Сонымен қатар, дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің педагогикалық практикасы барысындағы техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталу үдерісін меңгеру бойынша талаптар және ережелердің сақталу шараларын қолдануды қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша іске асыруға болады.

Осы қарастырылып отырған мәселені тәжірибе жүзінде іске асыруға ауысу ұсынылады, яғни, осыған дейін студент-практикаторға техникалық қауіпсіздіктің сақталуының ережелері мен әдістерінің теориялық білімдерін меңгертсек, енді оларға іс жүзінде онлайн тәртібінде экранда сабақ беруді қалыптастыруды қарастырамыз. Ол үшін педагог онлайн тәртібіндегі теле экранда студент-практиканттарға педагогикалық практика барысында практикалық сабақ жүргізудің алдында техникалық қауіпсіздіктің ережелерін сақталуды ескерте отырып, келесі тәртіптердің орындалуы қатаң ескертіледі:

- алдымен жаттығулар жасалатын орынды жақсылап гигиеналық талаптарға сай ылғалды материалдармен жуылуын, сүртілуін;

- антисептиктермен көп бейімді қондырғылардың сүртіліп тазаланудың күнделікті болғандығын нақты тексеруін;
- жаттығу өтілетін орынның таза ауамен күнделікті желдету жасалғанын,
- электр желілерінің қауіпсіз қашықтықта орналасуын,
- айналысушыларға жарақат жасайтын үшкір және өткір бұрыштардың, кездей соқ заттардың жоқтығын мұхият тексеріп шығуға нақты міндеттелуі керек.

Осы аталған техникалық қауіпсіздіктің ережелерін сақталу талаптары сапалы орындалғанына көз жеткен соң, педагог студент-практиканттарды онлайн режимді платформада экран алдында, дене шынықтыру жаттығуларын дидактикалық қахидаттарға сай фронталды көріністе орындауды бастайды. Көрсетілімдік практикалық сабақтың кіріспе бөлімінің бой жазу жаттығуларын бастар алдында, ол дене тәрбиесі жүйесінің үдерісінде физикалық жаттығуларды орындау қалыптасқан реттілікпен, яғни, адамның денесінің жоғарғы бөліктерінен бастап төмен қарай қозғалыс әрекеттерімен іске асырылатындығын ескертеді. Сондай-ақ, дене шынықтыру жаттығуларымен екпінді айналысуда, студенттердің жеке бас ерекшеліктерін, дене қасиеттерінің сапасын және жалпы ден саулық жағыдайлары ескеріле отырып іске асырылады. Жалпы физикалық дайындық жаттығуларының жүктемесі біртіндеп ауырлатылады, демек, (жеңілден біртіндеп аурға) қарай дидактикалық қахидат бойынша орындалады.

Бұл жерде ең басты мәселе, сабақ тақырыбының мақсаттары мен міндеттерін шешуге байланысты, қарастырылатын жаттығулардың сәйкес әрекеттерінің бөлшектерінен тұратындарын қыймылдарды теріп алып қолдануда.

Сонымен бой жазу жаттығуларының орындалуын мысал ретінде талдап келесідей атқарылуы керек.

Бастапқы қалып: айналысушының екі қолы басының үстінде құлыпша түіліп саусақтарымен ұсталған, аяқтарының арасы иығының көлденеңіндей алшақтатылған, басы тік ұсталады және бүкіл денесі тік тұрыс қалпында болуы керек.

1-4 (бір, екі, үш, төрт) деп санағанда екі қолды тік бастың үстінде соза ұстаған бойы, денесінің кеуде бөлігімен алдыға еңкейе үлкен шеңбер сызғандай солға қарай толық айналдырамыз, қолдарымыз желекенің тұсына келгенде, мүмкіндігінше молынан шалқая осы қозғалысты жалғастырамыз. Бұл жаттығуды орындағанда мүмкіндігінше бүкіл денені қолдың соңынан соза тартыла мол амплитуда жасаумен атқарамыз.

5-8 (бес, алты, жеті, сегіз) деп санағанда, тура осы қозғалысты тек оң жаққа қарай орындаймыз. Осы қозғалыс әрекетін 6-8 рет әрбір жаққа қарай, яғни солға 6-8 рет, оңға 6-8 рет сапалы орындау ұсынылады.

Әдістік ұсыныс: жаттығуды орындағанда айналысушының бүкіл денесі тік түзу қалыпта сақталады және тізе, жамбас буындары бүгілмейді. Тыныс алу мөлшері еркін түрде орындалуын қадағалау керек.

Келесі дене шынықтыру жаттығуларды, осы реттіліктермен жүйелі түрде бүкіл дене бөліктері мен бұлшық ет топтарын, буындарды қамти қозғалысқа келтіріп, созып орындаулармен жалғастырып сабақтың алдағы негізгі бөліміндегі ауыр жүктемелерге бүкіл ағзаны дайындауды шешу міндетін атқарады. Демек, тірек-қозғалыс аппаратының буындарымен, бұлшық еттерінің тобын сабақтың тақырыбына байланысты орындалатын міндеттерді атқаруды қамтамасыз ету ұйғарылады.

Педагог осы орындалған физикалық жаттығуларды, егерде әр түрлі қондырғыларда жасап, оны онлайн тәртібінде экранда көрсету барысында міндетті түрде, сол жұмыс орнында техникалық қауіпсіздік ережелерін сақталуды атап және сақтандыру техникасына әдістік ұсыныстар беруі керек. Одан ары, сабақтың қортынды бөлімінде дене тәрбиесі пәнінің ұстазы, сабақ барысында жаттығуларды сапалы орындаған студенттердің дене қасиеттерінің дайындығы мен техникалық шеберліктерін, икемділіктерін, тыныс алуларының дұрыстығын және қауіпсіздікті сақтандыру тәсілдерін дұрыс меңгергендері үшін, бағалауларды ашық түрде онлайн тәртібіндегі экранда студенттердің аттарын нақты атай келе жетістіктерінің нәтижесін қысқаша талдаумен қойылады, одан ары, келесі сабаққа дейін, үйде орындайтын тапсырмалар беріледі.

Сонымен, жоспарланған тақырыптың мақсаты мен міндеттеріне сай бағдарламада қарастырылған материал бойынша әрбір сабақ осы үлгі бойынша онлайн тәртібінде өткізіледі. Толығымен алғанда осы бір дене тәрбиесі сабағының үлгі көрінісін, онлайн тәртібінде орындап студент-практиканттарға техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуын үнемі есте ұстауды қалыптастыру мақсаты педагогикалық практика үдерісінде іске асырылып, болашақ маманның кәсіби шыңдалуына әсерін тигізеді.

Бұл ретте, техникалық қауіпсіздік ережелерінің жалпы талаптарын сақтау бойынша дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің негізі және арнайы міндеттері келесі топтамалардан тұратындығының ұсынылғаны келтіріледі: дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері өздерінің тәжірибелік әрекеттері барысында бойынша техникалық қауіпсіздік тұжырымдамаларын, мемлекеттік актілерді және Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі құрастырған еңбекті қорғаудың бұйрықтар мен құжаттары арқылы, студенттердің техникалық қауіпсіздік ережелері мен тұжырымдамаларды сақтауларын қамтамасыз етулерін бақылайды. Сонымен жоғарыда келтірілген техникалық қауіпсіздік ережелерінің тұжырымдамасының негізіне қойылатын талаптардан басқада, толтырымдардан құрастырылған қабырға тақталарын спорттық ғимараттардың кіре берісіне көрнекті орындарға іліп қойып арнайы таныстырып, студенттердің көз алдына жиі ұшырап ылғида есте ұстауларына тигізер ықпалының болары күмәнсіз [2,3].

Сабақты өткізу барысында ерекше назарды жарақат алмау жолдарына аудару қажеттігі көрінді. Оқытушының жоғары сапалылығы және белсенділігі, сабақты құрудағы жүйелілік және бірізділік, оқу материалының игерілу мүмкіндігі және оны меңгеру беріктігі-жарақаттың алдын алып, сақтандырудың бірінші дәрежелі жағдай екендігін дәлелдейді. Жарақаттанудың алдын алуға, денені дамытатын жаттығуларының жүктемелерін әдіспен мөлшерлеп бөлудің, шұғылданушылардың жақсы тәртіптілігінің, жаттығуды орындауды жүйелі ұйымдастырудың нәтижесінде қол жеткізуге болатындығы айқындалды. Бұл шараларға оқытушының жаттығуды орындаушының денесін демеп арнайы сақтандыру әдістерімен, ұстап қалу, оқыс қыймылдардан ажырату, қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуі, өзін-өзі сақтандыруға үйрету сияқты тәсілдерді меңгертуі жатады. Мұндай сақтандыру ережелерінің қалыптасуы аса қауіпті емес жаттығуларды орындаудан басталды. Дене тәрбиесі сабақтарының бағытына сәйкес техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша талаптар: техникалық қауіпсіздік ережелерінің негізі бойынша талаптарды дене тәрбиесі сабақтарының кейбір бағыттарына нақтылау үшін, алдымен ұйымдастырудың жалпы талаптарын қалыптастыру керек, мысалы: дәл осы сабаққа арналып қолданылатын құрал-жабдықтар мен қондырғыларды анықтай отырып

орналастыру және мүмкін болатын жарақатанулардың алдын алу мақсатымен келесі ережелерді орындау қажет.

Дене тәрбиесімен және спорттың әр түрлерімен студенттер онлайн тәртібінде айналысу барысында, сақтандыру әдістерін дұрыс кәсіби икемділікпен орындамаса аяқ астынан жарақаттануы мүмкін. Оның негізгі себептері, көп бейімді қондырғыларда айналысушылардың салмақтарына, бойына, дене бітіміне, икемділігіне, дене мүшелерінің параметрлерінің ерекшелігіне сай болмауы. Әсіресе, студенттің қол мөлшерінің диаметрі стандартты тіректі қос ағаш қондырғылардың үйлеспеуінен, осы жарақат түрлері жиі кездеседі. Осындай жағдайларды болдырмау үшін, педагогикалық практика барысындағы техникалық қауіпсіздіктің сақталу ережесіне негізгі ұсыныс, оқу-жаттығу орынында қатаң тәртіп талап етіле келіп, қолданылатын қажет қондырғылар мен күрделі жаттығулар айналысушының барлық жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере отырып жасалған жөн және техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау іс-шаралары талапқа сай орындалуы әрқашан есте ұстау керек [4].

Көбіне ауыр жарақаттар сүрініп немесе су ендеде тайып-сырғанап құлаудан, қондырғыларды оқыс қолданудан және қатар орындаушылармен соқтығысып қалуынан болады. Жарақаттанудан алдын-ала сақтанудың маңызы зор, ол үшін сабақ үстінде барлық қондырғыларда жаттығу орындаған кезде қажетті сақтандыру шараларын өзара байланыстырып өткізген жөн. *Әсіресе, «қондырғы аттан» және көпірден секіргенде білекті, тізені сақтандыру шарасы өте қажет. Мұндай жаттығуларды мұғалім-банкер өзі немесе орындаушылар арасынан дене қасиеттерінің деңгейі жоғарылау, көмекшілік деңгейде жүрген студент орындап көрсеткені жөн.* Жарақаттану, көбінесе, көңіл күйдің болмауынан, жан-жаққа алаңдап қыймыл әрекеттерін дұрыс орындамай шатастырудан, шаршаудан кейін жиі байқалады, сондықтан, студент-практиканттар педагогикалық практика барысындағы техникалық қауіпсіздіктің сақталуын үнемі естен шығармай, өздері қатал орындап және айналысушылардан нақты талап етулері керек. Жарақаттануды болдырмаудың негізгі жолдарының бастысы гигиеналық талаптардың құрылымына, мазмұнына және атқарылатын жұмыстың ауқымына, физикалық жүктемені мөлшерлеуге, сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген (бой қыздыруды) сапалы кәсіби деңгейде ұтымды жұмыс көлемімен кезектестіре, дидактикалық қахидатқа сай атқаруға аса мән беруі қажет [5].

Демек, дене жаттықтыру сабақтарында жарақаттану себептерінің бірі орындаушының физикалық техникалық әзірлігінің төмендігінен болады, сондықтан оны болдырмау жаттығу қозғалыстарын үйлесімді, техникалық әзірлікке сай өткізуге тікелей байланысты. Ол үшін айналысушының жеке бұлшық еттерінің белгілі бір кеңістік пен уақыт аралығындағы жиырылу, жазылу қабілетін дұрыс үйлестірудің маңызы зор. Ал, дене тәрбиесі сабақтарын ашық ауада өткізудің ауқымдық шегі шамамен 25⁰ бірақ, нақтылы оның гигиеналық талап мөлшері жеткілікті дәрігерлік мекеме белгіленген аймақтың ерекшелігін ескере отырып, температуралар көрсеткішіне (адамға әсер ететін температура, жел және ауа ылғалдығы) адамдардың бейімделу деңгейімен анықталады. Ашық таза ауада қыс мезгілінде сабақ өткізу, айналысушылардың ден саулықтарын нығайту үшін аса пайдалы екені мәлім. Демек, санитарлық ара қашықтықты сақтап, онлайн режимінде ұстаздан арнайы бағдарлама алып, берілген әдістік ұсыныстармен еркін түрде айналысуды күнделікті кесте бойынша талапқа сай өткізуге болады.

Жарақаттанудың көбінесе басты себептері, сабақтың кіріспе бөліміндегі орындалатын бой жазу жаттығуларды дұрыс реттілікпен жасамаумен қатар, дене қасиеттерін жетілдіретін техникалық жаттығуларды кәсіби тұрғыда орындауды үйретпегендіктен, онымен қоса, демеу

жасап сақтандыру әрекеттерінің жоқтығы мен оны дұрыс қолданбаудан, жүктемені жеделдету, дене және әдістемелік деңгейлері орташа студенттерге ауыстыру сияқты жауапты, бірақ күнделікті жұмыс барысында аса көңіл бөлінбейтін сәттерден туындайды. Одан арырақ үңілсек, студенттердің жарақат алуының тағы бір себептері болып, оқыту мен үйретудің жоспарлануындағы кемшіліктер, айналысушылардың әрекеттеріндегі техникалық күрделі қозғалыстарға дағдылануларына қалыптастырудағы біртіндеп келетін бөлшектерді ескермеу салдарынан туындайтын ақаулардан болатыны белгілі, яғни дидактикалық қақидаға көңіл бөлмеудің кеселі, демек, аса жеңіл қозғалыстан біртіндеп күрделену тәсіліне көшудің ескерілмеуінен болады.

Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің педагогикалық практика барысындағы техникалық қауіпсіздіктің сақталуының негізі, жалпы алғанда, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері студенттердің ден саулықтарын қорғау үшін, тұжырымдаманы аса сауаттылықпен, қажеттілік болғанда, олардың заман талабынан туындап отырған, кейбір кездейсоқ төтенше жағдайларды ауыздықтап алдын алу мақсатына да жан-жақты дайын, өз істерінің жоғары деңгейіндегі кәсіби маман екендіктерін дәлелдей алулары керек.

Осылай, дене тәрбиесі дайындығы үдерісінің ұйымдастырылуын, құрылымын, мазмұнын құжаттарға сәйкес реттелуін, соны мен қатар, оқу үдерісін құралдармен жабдықтау, квалификациялық талабын, педагогикалық бақылау көрсеткіштерін және оқытушылардың аттестациялануына қатысты міндеттері мен атқару тәртіптерін қадағалау жүктелуі керек. Сонымен қатар, дене тәрбиесі сабағында қауіпсіздік ережелерінің негізін толық қанды сақтау үшін, міндетті және қосымша дәрістік сағаттар енгізілуі мен берілген материалдардың меңгерілуін бақылайтын тетіктер құрылуы керек, сонымен қатар оны студенттердің меңгеруін алдын ала қарастыру ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Аяшев О.А. Болашақ мұғалімнің тәрбие жұмысына кәсіби даярлығын дене тәрбиесіндегі техникалық қауіпсіздіктің сақталу әдістерін меңгеруі арқылы қалыптастыруды негіздеу. «Ізденіс», Алматы, 2014.
2. Правила организации деятельности высших учебных заведений /Приказ Министерства образования и науки РК «Об организации и проведении педагогической и профессиональной практики в образовательных учреждениях». Астана от 11 марта 2016 г. №151 пункт 3.
3. Г.Ж. Меңдібекова, Р.Х. Айтмағанбетова, Н.Э. Романенко Педагогикалық практика туралы ереже, Положение о практике. Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ЕҰУ-нің баспасы, Астана 2013.
4. Омаров Е.Б., Марчибаева У.С. Методическое пособие по организации и проведению профессиональной практики. ЕҰУ-нің баспасы, Астана 2009.
5. Федосеев В.В. Соблюдение правил техники безопасности на уроках физкультуры. Мет. журнал «Физкультура в школе» №2, Издательство «Образование», Москва, 2012.